



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
С.М. Жұманғаринге**

29.10.2025 жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Серік Мақашұлы!

Мемлекеттік қолдаудың іске асырылып жатқан шараларына қарамастан, ауылдық жерлердегі кооперация тиісті қарқынмен дамымай отыр.

Бүгінгі таңда барлық ауылшаруашылық өнімдерінің 40% - дан астамын өндіретін жеке қосалқы шаруашылықтар, бірақ көп жағдайда олар кооперативтік бірлестіктерден тыс жұмыс істейді. Халық кооперативтерге қатысудың артықшылықтары туралы білмейді және басқарудың ұжымдық түрлеріне сенімсіздік танытуда.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша елде 4,5 мыңнан астам кооперативтері тіркелген. 2024 жылы олар 83 млрд. теңге өнімін өндірді немесе ол ауыл шаруашылығындағы жалпы өндірістің шамамен 10%. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш кем дегенде 50% құрайды.

2023 жылғы Жолдауында ел Президенті "Ауыл – ел бесігі" және "Ауыл аманаты" жобалары ауылды дамытудың жаңа тұжырымдамасы үшін негіз болуға тиіс, осы мақсаттарға шамамен 1 триллион теңге бөлінетіндігін атап өтті.

Алайда, бүгінде біз қаржыландырудың жеткіліксіздігін көріп отырмыз, "Ауыл Аманаты" бағдарламасы бойынша жыл сайын 100 млрд.теңге жоспарланған болса, 2024 жылы 13 млрд. теңге, ал 2025 жылы бар болғаны 10 млрд. теңге бөлінді.

Өткен жылы біз Жер кодексіне кооперативтердің жер конкурстарына қатысуы кезінде қосымша балл беру бойынша түзету енгіздік, алайда АШМ Жер ресурстарын басқару Комитеті өз Бұйрығымен ауыл тұрғындарына - 10, ал кооперативтерге – 5-ақ қосымша балл беруді белгіледі.

Қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің депутаттары "Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы" Заңға түзетулер енгізуде.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз бірнеше мәселелерді ұсынамыз:

1. 2025-2030 жылдарға арналған Өңірлік даму тұжырымдамасында ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің сапалық көрсеткіштері: тиімділікті бағалау, ЖҚШ мен фермерлерді тарту үлесі, шикізатты дайындау және қайта өңдеу көлемі, ішкі нарықтағы қатысу үлесі, салық түсімдері және т. б. бекітілсін.

2. Қолданыстағы мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің бірыңғай цифрлық тізілімін құру, бұл кооперативтердің құрамы, мамандануы, айналымы және қызметінің нәтижелері туралы ақпаратқа мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

3. Кейіннен барлық өңірлерге тарату үшін, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып ауыл шаруашылығы кооперативтерінің үлгілік бизнес-модельдерін негізгі бағыттар бойынша енгізу.

4. Ауыл тұрғындары арасында кооперацияға қатысудың артықшылықтарын түсіндіруді қамтамасыз ету.

5. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін одан әрі дамыту мақсатында жеткілікті қаржыландыруды қарастыру, "Даму" Қорының бағдарламаларына ұқсас кепілдік беру және тауарлық қарыздар түрінде, оның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар арқылы қолдау құралдарын қолдануды көздеу.

6. Кооперативтер үшін олардың ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, қайта өңдеу жөніндегі қызметі кезінде салықтық преференциялар мүмкіндігін қарастыру.

7. Кооперативтердің жер аукциондарына қатысуы кезінде қосымша балл беру кезінде әділ тәсіл енгізу.

**Құрметпен,
«AMANAT» фракциясының және
Аграрлық мәселелер комитетінің депутаттары**

**Н.Әшімбетов
Ж.Амантай
С.Егізбаев
Е.Мәмбетов
Қ.Әлішев
А.Әлтай
Ж.Дайрабаев
П.Казанцев
Д.Қасқарауов
А.Қожаназаров
И.Сұңқар**